

"Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 ақпандағы № 134 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 3 ақпандағы № 196 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 62-бабына және «2012 – 2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 24 қарашадағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** **ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 14 ақпандағы № 134 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж. № 20, 243-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қ а з а қ с т а н</i>	<i>Р е с п у б л и к а с ы н ы ң</i>
	<i>К. Мәсімов</i>	
Қ а з а қ с т а н		Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң		
2 0 1 2	ж ы л ғ ы	3
№	1 9 6	а қ п а н д а ғ ы
қ о с ы м ш а		қ а у л ы с ы н а
Қ а з а қ с т а н		Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң		
2 0 1 1	ж ы л ғ ы	1 4
№	1 3 4	а қ п а н д а ғ ы
б е к і т і л г е н		қ а у л ы с ы м е н

Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің 2011 – 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары

1. Миссиясы мен пайымдауы

Бәсекеге қабілеттілік пен ұлттық қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында көмірсутек шикізаты бөлігінде отын-энергетика кешенін дамыту, экономиканың көмірсутек шикізатына және оны қайта өңдеу өнімдеріне өсіп отырған қажеттілігін қамтамасыз ету, оларды тиімді пайдалануға бағытталған ғылыми-технологиялық әлеуетті дамыту.

П а й ы м д а у ы

Дамыған мұнай-газ өнеркәсібі және магистральдықты қоса алғанда, көмірсутек шикізатын тасымалдау жүйесі мен көмірсутек шикізатын қайта өңдеу бойынша дамыған қуаттар.

2. Ағымдағы жағдайды талдау және қызметтің тиісті салаларының (аяларының) даму үрдістері

1-стратегиялық бағыт. Мұнай саласын серпінді дамыту
Қызметтің реттелетін саласын немесе аясын дамытудың негізгі параметрлері

Көмірсутек шикізатының қорлары

Қазақстан Республикасындағы көмірсутек шикізатының жалпы болжамды өндірілетін ресурстары 17 млрд. тоннаны құрайды, оның 8 млрд. тоннасы Каспий теңізінің қазақстандық секторына (бұдан әрі – КТҚС) тиесілі. Расталған мұнай қорлары бойынша Қазақстан әлемдегі 15 жетекші елдің қатарына кіреді және әлемдік қордың 3,3 % - ы н а и е л і к е т е д і .

Республиканың 172 мұнай және 42 конденсатты кен орны орналасқан мұнайлы-газды аудандары Қазақстан аумағының шамамен 62 % алаңын алып жатыр. Қазақстандағы мұнайдың негізгі қорлары (90 %-дан астам) аса ірі 15 кен оны – Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ, Өзен, Жетібай, Жанажол, Қаламқас, Кеңкияқ, Қаражанбас, Құмкөл, Солтүстік Бозашы, Әлібекмола, Орталық және Шығыс Прорва, Кенбай, Королевское кен орындарында шоғырланған.

Кен орындары Қазақстанның он төрт облысының алтауының аумағында орналасқан . Бұл Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда және Маңғыстау облыстары. Бұл ретте, көмірсутек қорларының шамамен 70 %-ы Қазақстанның б а т ы с ы н д а ш о ғ ы р л а н ғ а н .

Мұнайдың неғұрлым барланған қорлары Атырау облысына тиесілі, оның аумағында өнеркәсіптік санаттағы 930 млн. тонна қормен 75-тен астам кен орны а ш ы л д ы .

15-тен астам көмірсутек кен орны Батыс Қазақстан облысының аумағында орналасқан. Мұнай-газ әлеуеті тұрғысынан Ақтөбе облысы тағы бір перспективалы өңір болып табылады. Мұнда 25-ке жуық кен орны ашылды. Қызылорда және Қарағанды облыстарының негізгі мұнай өңдеу саласы маңыздылығы бойынша

Қазақстанның бесінші мұнай-газды провинциясы – Құмкөл кен орындары тобы болып табылады.

Каспий және Арал теңіздерінің акваториясында республикада жүргізіп жатқан жер қойнауы учаскелерін кең ауқымды зерделеу Қазақстанның мұнай-газ саласының ресурстық әлеуетін одан әрі молайтуға ықпал етеді.

Каспийдің солтүстігінде 2000 жылы ашылған Қашаған кен орны соңғы 30 жыл ішіндегі әлемдік тәжірибедегі ең маңызды оқиға деп аталды.

Мұнай мен газ іздеу перспективалары Каспий маңы ойпатындағы, Арал маңындағы зерттелмеген терең жатқан құрылымдармен, сондай-ақ Солтүстік, Орталық және Оңтүстік Қазақстандағы объектілердегі сейсмикалық жұмыстардың анықталған нәтижелерімен байланыстырылады.

Мамандардың болжамы бойынша Қазақстан Республикасында көмірсутек шикізатының шығарып алынатын қорлары қазіргі өндіру деңгейінде шамамен 60-70 жылға жетуі тиіс, алайда, ірі мұнай-газ кен орындарындағы өндірудің үдемелі көлемін ескере отырып, көрсетілген уақыт шеңбері айтарлықтай қысқаруы мүмкін. Сондықтан мұнай-газ саласын одан әрі дамыту жаңа кен орындарының ашылуы есебінен қорлардың өсуімен қамтамасыз етілуі тиіс.

Қазақстанда көмірсутегі қорларын ұлғайтудың нақты перспективалары бар, өйткені Қазақстанның жер қойнауының әлеуеті әлі де жоғары болып табылады.

Мұнай өндіру

Мұнай саласының серпінді дамуы Қазақстанның бүкіл экономикасы үшін өте маңызды.

Мұнай-газ кешені елдің және оның жекелеген өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық дамуына шешуші әсерін тигізеді, шын мәнінде мемлекеттің бүкіл экономикасы үшін алға тартушы күш болып табылады, экономиканың басқа да салаларының дамуына ықпал етеді. Өңірлер мен бүкіл мемлекет ауқымындағы неғұрлым маңызды әлеуметтік бағдарламалардың іске асырылуы мұнай-газ кешені кәсіпорындарының жұмысына байланысты.

Мұнай-газ кешеніндегі өзгерістер саланың өзінің, сондай-ақ байланысты өндіріс салаларының жұмыс істеу тиімділігін арттыруға бағытталған, бұл елдің энергетикалық қауіпсіздігінің нығаюына ықпал ете отырып, сондай-ақ кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігінің, қызметтер мен өнім сапасының артуына сүйемелденген экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз етуі тиіс.

2010 жылы республикада мұнай және газ конденсатын өндіру 2009 жылмен салыстырғанда 4,2 %-ға өсіп, 79,7 млн. тоннаны құрады. 71,2 млн. тонна мұнай және газ конденсаты экспортталды (4,6 %-ға өсті).

Қазақстан Республикасының аумағында 2010 жылдың қорытындылары бойынша негізгі мұнай өндіруші компаниялар «Теңізшевройл» ЖШС (бұдан әрі – ТШО) (25,9 млн. тонна), «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» ЖШС (бұдан әрі – КПО б.в.) (


11,39 млн. тонна), «ҚазМұнайГаз» БӨ» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – ҚМГ БӨ) (8,77 млн. тонна), «Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – ММГ) (5,7 млн. тонна) және «Ақтөбемұнайгаз – СНПС» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Ақтөбемұнайгаз СНПС») (6 млн. тонна) болып табылады.

Қазақстан Республикасының құрлықтағы кен орындарында игерілетін көмірсутек шикізатының басым бөлігі жылдық өндірудің ең жоғары деңгейлі сатысына жетті. Құрлықта өндірудің одан әрі өсуі бірінші кезекте, Теңіз және Қарашығанақ кен орындарын игерудің жылдамдауына байланысты.

2012 жылдың аяғында Қашаған кен орнын тәжірибелік-өнеркәсіптік игеруді бастау жоспарлануда. Бұл ретте, өнімді бөлу туралы келісімге Екінші қосымша шартқа сәйкес Қашаған коммерциялық өндіруінің басталуы 2013 жылдың қазанына дейін ұзартылуы мүмкін.

2015 жылы мұнай және газ конденсатын өндірудің өсу көлемі 2010 жылмен салыстырғанда 112,9 %-ға дейін өседі деп күтілуде (өндіру өсімі 10,3 млн. тоннаны құрайды), бұл 1-диаграммада көрсетілген:

1-диаграмма. 2009 – 2010 жылдары мұнай және газ конденсатын өндіру және 2011 – 2015 жылдарға арналған болжам, млн. тоннамен




М ұ н а й ө н д е у

2010 жылы республиканың мұнай өңдеу зауыттарында (бұдан әрі – МӨЗ) 13,7 млн. тонна немесе 2009 жылдың деңгейіне қатысты 112,8 % мұнай өңделді. 2893,8 мың тонна бензин (111,8 %), 4073,8 мың тонна дизель отыны (107,3 %), 3771,0 мың тонна мазут (116,2 %), 489,6 мың тонна авиакеросин (131,1 %) өндірілді.


Республиканың қолданыстағы мұнай өндіру қуаттары жаңғыртылғаннан кейін 2015 жылдан кейін МӨЗ-де мұнай өңдеу көлемі жылына 17,5 млн. тоннаға дейін

ұлғайтылады, және тиісінше, мұнай өнімдерінің көлемін ұлғайту жоспарланып отыр. 2015 жылға дейін мұнай өңдеу көлемі мен мұнай өнімдерін өндіру серпіні 2 және 3-диаграммаларда көрсетілген.

2-диаграмма. 2009 – 2010 жылдары мұнай өңдеу және 2011 – 2015 жылдарға арналған болжам, млн. тоннамен



3-диаграмма. 2009 – 2010 жылдары мұнай өнімдерінің негізгі түрлерін өндіру және 2011 – 2015 жылдарға арналған болжам, мың тоннамен



Кеден одағы комиссиясының 2011 жылғы 18 қазандағы № 826 шешімімен « Автомобиль мен авиация бензиніне, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыш отыны мен мазутқа қойылатын талаптар туралы» техникалық регламенті (бұдан әрі – КО ТР) бекітілді, ол 2012 жылдың 31 желтоқсанынан бастап күшіне енеді. КО ТР әзірлеуші – Қазақстан Республикасы Мұнай және газ министрлігінің атынан қазақстандық тарап болып табылады.

КО ТР бірыңғай Кеден одағының кеден аймағында міндетті түрде бірыңғай Кеден

одағының кеден аймағында айналымға шығарылатын автомобиль мен авиация бензиніне, дизель және кеме отынына, реактивті қозғалтқыш отыны мен мазутқа (бұдан әрі – отын), қолдану және тараптарды орындау үшін анықтау мақсатында әзірленген, сондай-ақ адамның өмірі мен денсаулығын, мүлікті қорғауды, қоршаған ортаны қорғауды, тағайындалуы мен қауіпсіздігіне қатысты тұтынушыларды жаңылыстыратын іс-әрекеттердің алдын алуды қамтамасыз ету мақсатында отынға қойылатын қауіпсіздік талаптарын белгілейді.

КО ТР автомобиль бензині мен дизель отынын бірыңғай Кеден одағы кедендік аймағында бұдан жоғары экологиялық класқа Кеден одағына мүше мемлекеттердің технологиялық мүмкіншілігі бойынша сараланған тәсілмен айналымға шығару бойынша ауыстыру мерзімдерін анықтайды.

КО ТР бірге, құрамында қағидалар, зерттеу (сынау) және өлшем әдістерін қамтитын , сонымен бірге КО ТР тараптарын орындау және қолдану үшін қажетті нұсқауларды іріктеп алу қағидалары, Кеден одағына мүше мемлекеттердің, мемлекетаралық, ұлттық (мемлекеттік) стандарттарын тізбесі бекітілді.

Халықаралық нормаларға сәйкес өндірілетін мұнай өнімдерінің сапасын жақсартуды қамтамасыз ету үшін, сонымен бірге жоғарыда көрсетілген КО ТР тараптарына, отандық МӨЗ әрекеттегі өндіру қуаттылығын өзгерту және жаңарту бойынша шаралар жоспарлануда.

Отандық МӨЗ-ді қайта құру және жаңғырту мынадай инвестициялық жобаларды іске асыруды көздейді:

Атырау мұнай өңдеу зауытында (бұдан әрі – АМӨЗ):

ЭЛОУ-АВТ-3 қондырғысының вакуумдық блогын (2010 жылғы желтоқсан) және АМӨЗ-де баяу кокстеу қондырғысын (2011 жылғы мамыр) қайта құру вакуумдық блоктың қуатын жылына 1800 мың тоннаға дейін және баяу кокстеу қондырғысының қуатын жылына 1000 мың тоннаға дейін жеткізу. Жобаны іске асыру мерзімі – 2011 жыл.

Жылына 133 мың тонна бензол, 496 мың тонна параксиллол өндірумен хош иісті көмірсутек өндірісі кешенін салу және мұнай өнімдерінің сапасын К3 – экологиялық класқа дейін жақсарту. Жобаны іске асыру мерзімі – 2010 – 2014 жылдар.

Мұнайды тереңдетіп өңдеу бойынша жылына мұнай өңдеуді 5500 мың тоннаға дейін жеткізумен және мұнай өнімдерінің сапасын 84 %-ға дейін өңдеу тереңдігі бойынша К4 – экологиялық класқа дейін жақсартумен кешен салу. Жобаны іске асыру мерзімі – 2011 – 2014 жылдар.

«Петро Қазақстан Ойл Продактс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде (бұдан әрі – ПҚОП):

Мұнай өңдеу бойынша қуатты жылына 6000 мың тоннаға дейін жеткізумен, өңдеу тереңдігін 90 %-ға дейін ұлғайтумен, зауытты қайта құру және жаңғырту, мұнай өнімдерінің сапасын К4 – экологиялық класқа дейін жақсарту. Жобаны іске асыру

мерзімі – 2011 – 2014 жылдар.

Павлодар мұнай-химия зауытында (бұдан әрі – ПМХЗ):

Зауытты қуатын жылына 6000 мың тоннаға дейін жеткізумен, мұнай өңдеу тереңдігін 90 %-ға дейін ұлғайтумен қайта құру және жаңғырту, мұнай өнімдерінің сапасын К4 – экологиялық класқа дейін жақсарту. Жобаны іске асыру мерзімі – 2011 – 2013 жылдар.

МӨЗ-ді қайта құру мен жаңғыртуды аяқтау 2015 жылы республиканың тұтынушыларын К3 және К4 – экологиялық класс талаптарына сай келетін сапалы мұнай және мұнай-химия өнімдерімен қамтамасыз етуге, қоршаған ортаға зиянды әсерді азайтуға, республиканың автомобиль және авиация отынына қажеттігін қамтамасыз етуге, мұнай өңдеу зауыттарының жиынтық қуатын жылына 17,5 млн. тоннаға дейін жеткізуге мүмкіндік береді.

Мұнай тасымалдау инфрақұрылымын дамыту
Көмірсутектер өндіру көлемінің ұлғаюы мұнай тасымалы инфрақұрылымын серпінді дамытуды қажет етеді.

Қазіргі уақытта қазақстандық мұнайдың негізгі экспорттық бағыттары Атырау – Самара, Каспий құбыр консорциумы (бұдан әрі – КҚК), Атасу – Алашанькоу құбыры, Ақтау порты болып табылады.

Қазақстандық мұнайдың басым бөлігі 2010 жылы КҚК мұнай құбыры бойынша – 28,5 млн. тонна және Атырау – Самара бойынша – 15,3 млн. тонна экспортталды. Қытай бағытында – 10,1 млн. тонна тасымалданды. Мұнайды теңіз арқылы экспорттау – 9,5 млн. тоннаны, теміржол арқылы 6 млн. тоннаны құрады. Орынбор газ өңдеу зауытына (бұдан әрі – ОГӨЗ) 2,0 млн. тонна газ конденсаты жеткізілді.

Қазақстанның экспорттық және транзиттік әлеуетін дамыту мемлекеттік саясаттың бірден-бір негізгі бағыты болып табылады. Жаңа экспорттық жүйе құру және қазіргісін кеңейту жұмысы бүгінгі күні өзекті болып отыр.

Мұнай-газ ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан көлік шығындарын азайтқан жағдайда көмірсутектерді неғұрлым тартымды нарықтарға тасымалдау жобаларын іздеу мен іске асыруды жалғастыруға тиіс. Қуат көздері мен экспорт бағыттарын дамыту өнім өндірудің перспективалық және ішкі тұтыну көлемдеріне, транзиттік елдермен ұзақ мерзімді уағдаластықтардың болуына, әлемдік тұтыну нарығындағы сұраныс пен жағдайдың деңгейіне сәйкес болуға тиіс.

Қазақстан мұнайының экспорттық бағытын дамыту және әртараптандыру мақсатында мына жобаларды іске асыру бойынша жұмыстар жүргізілуде: КТК мұнай құбырын кезең-кезеңмен кеңейту, Баку – Тбилиси – Джейхан мұнай құбырына қосу арқылы Қазақстан Каспий тасымалдау жүйесін құру (бұдан әрі – ҚКСТ) және Қазақстан – Қытай мұнай құбырының өткізу қабілетін ұлғайту.

Мұнай мен газ конденсатын теңгерімді өндіру кезінде мұнай құбырларын кеңейту жобаларын ескере отырып, экспорт мынадай негізгі КТК және Қазақстан – Қытай

бағыттары бойынша ұлғайтылатын болады.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

С ы р т қ ы т ә у е к е л д е р :

Сыртқы ықтимал тәуекелдер – МӨЗ-де ресейлік мұнай жеткізілімін азайту, толық қысқарту, не МӨЗ-де ресейлік мұнайды экспорттық кедендік баж арқылы жеткізу;

Тәуекелдерді басқару жөнінде шаралар қабылданбаған жағдайда ықтимал салдарлар – ПМХЗ және ПКОП өңдеу үшін мұнай көлемінің жетпеуі, осыған байланысты ішкі нарықта мұнай өнімдерінің қажеттігін қамтамасыз етуге байланысты тәуекелдер т у ы н д а й д ы ;

Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар – МӨЗ-ге мұнай жеткізу саласында Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасында екіжақты келісімге қол қою. Батыс Қазақстан кен орындарынан ПМХЗ және ПКОП-қа мұнай жеткізу үшін құбырларды тиісті реверсиялау бойынша жұмыстар жүргізу.

2-стратегиялық бағыт. Газ саласын серпінді дамыту

Г а з ө н д і р у


Газ саласының серпінді дамуы Қазақстанның бүкіл экономикасы үшін өте маңызды.

Табиғи және ілеспе газды өндіру 2010 жылы 37,4 млрд. текше метрді құрады, 2009 жылмен салыстырғанда өсуі – 3,8 %. Газ экспортының көлемі 9,1 млрд. текше метрді құрады, өсуі – 29,7 % (алмасу операциясы арқылы Қазақстан Республикасының ішкі нарығына жіберілетін Қарашығанақ газының көлемін есептемегенде).

Қазақстан Республикасының аумағында негізгі газ өндіруші компаниялар (2010 жылғы деректер бойынша) «Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В.» (15,0 млрд. текше метр), «Теңізшевройл» ЖШС (13,6 млрд. текше метр), «Ақтөбемұнайгаз-СНПС» АҚ (2,9 млрд. текше метр), «Қазмұнайтеңіз» ЖШС (1,4 млрд. текше метр), «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ (0,4 млрд. текше метр) болып табылады.

2015 жылы табиғи және ілеспе газ өндіру көлемін 2010 жылға қарағанда 58,6 % дейін өсіру жоспарлануда (өндіру өсімі 21,9 млрд. текше метрді құрайды). 2015 жылға дейін газ өндіру болжамы 4-диаграммада көрсетілген.

4-диаграмма. 2009 – 2010 жылдары газ өндіру және 2011 – 2015 жылдарға арналған болжам, млрд. текше метрмен



Газ өндіруді ұлғайту Қарашығанақ, Теңіз, Жаңажол, Толқын секілді және «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ-тың (бұдан әрі – ҚМГ) иелігіндегі бірқатар басқа кен орындарының, сондай-ақ Каспий қайраңы (Қашаған және басқалар) кен орындарының жаңа және негізгі базалық көмірсутек кен орындарын дамыту жолымен қамтамасыз етіледі.

Г а з ө н д е у

2010 жылы газ өңдеу кәсіпорындарында 2245,5 мың тонна сұйытылған көмірсутек газы өндірілді, 2009 жылдың деңгейіне қарағанда өсім 102,8%-ды құрады.

Негізінен, республиканың мұнай-газ кешені өндіретін газ ілеспе газ болып табылады, сондықтан тауарлық газды өндіргенге дейін газ өңдеу зауыттарында оны өңдеу талап етіледі. Республикада жылына жалпы газ өңдеу қуаты 18,9 млрд. текше метр үш газ өңдеу зауыты (бұдан әрі – ГӨЗ) жұмыс істейді:

Қазақ газ өңдеу зауыты (бұдан әрі – ҚазГӨЗ);

Теңіз газ өңдеу зауыты (бұдан әрі – ТГӨЗ);

Жаңажол газ өңдеу зауыты (бұдан әрі – ЖГӨЗ).

Кен орындарында газ өндірудің аз көлемдерімен тауарлық күйге дейін газ дайындауды газды кешенді дайындау қондырғыларында (бұдан әрі – ГКДҚ) жүргізеді.

Газды кәдеге жарату жөніндегі іс-шараларды 2006 жылдан 2010 жылға дейінгі кезеңде орындау жағылатын газ көлемін 3,1-ден 1,3 млрд. текше м-ге дейін, яғни 1,8 млрд. текше м, мұнай өңдеуді 2006 жылы 64,9 млн.тоннадан 2010 жылы 79,7 млн.тоннаға дейін ұлғайту кезінде және тиісінше газ 27-ден 37,4 млрд. текше метрге дейін қысқартуға ықпал етеді. Бұл ретте, кәдеге жаратылған газ көлемі 23,9-дан 36,1 млрд. текше метрге дейін, яғни 12,2 млрд. текше метрге ұлғайтылды. Ілеспе газды кәдеге жарату жөнінде бекітілген Бағдарламаларды республиканың жер қойнауын

пайдаланушыларының орындауына тұрақты мониторинг жүзеге асырылады.

Жер қойнауын пайдаланушылардың газды кәдеге жарату жөніндегі іс-шараларды орындауы қуаты 256 МВт астам 12 газ турбиналық электр станциясын (бұдан әрі – ГТЭС), газды кешенді кәдеге жарату бойынша 12 қондырғыны және 8 млрд. текше метр газ және жылына 350 мың тоннадан астам сұйытылған газды өңдеу үшін ГӨЗ-ді іске қосатын кәдеге жаратылатын газды пайдалану жөнінде жаңа инфрақұрылым құрылған етеді.

Магистральдық және газ тарату құбырларының тарихи қалыптасқан жүйесіне сәйкес табиғи газ республиканың 14 облысының 9-ына жеткізіледі. Қазақстан Республикасының елді мекендерін газдандыру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруға Қазақстан Республикасының Үкіметі аса назар аударып тұрады. 2006 – 2010 жылдары осы мақсатқа республикалық бюджеттен 28 млрд. теңгеден астам бөлінген болатын. Қабылданған шаралар Ақтөбе, Атырау, Қостанай, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан облыстарының 150-ден аса елді мекендерін, сондай-ақ Қызылорда қаласындағы 473 көп қабатты үйлер мен 4,17 мың жеке үйлерді табиғи газбен газдандыруға мүмкіндік береді.

Облыс әкімдіктерінің деректері бойынша 2015 жылы газ тұтыну көлемі 15,3 млрд. текше метрді құрайды, бұл 2010 жылға қарағанда 1,6 есе көп. Газ тасымалдау инфрақұрылымын дамыту Көмірсутектер өндіру көлемінің ұлғаюы газ тасымалы инфрақұрылымын серпінді дамытуды қажет етеді.

2010 жылы қазақстандық газ экспортының көлемі 9,1 млрд. текше метрді құрады, республика аумағы бойынша халықаралық газ транзитінің көлемі 82,0 млрд. текше метрді құрады, оның ішінде ресейлік – 55,2; түркімен – 10,8; өзбек – 11,7.

Республиканың аумағы бойынша газ тасымалдау мен транзиті негізгі магистральдық газ құбыры бойынша – «Орта Азия – Орталық» (Орта Азия газы), «Бұхара газды ауданы – Ташкент – Бішкек – Алматы (Орта Азия газы)», Қазақстан – Қытай (Орта Азия газы) газ құбырының 1-ші учаскесі, «Оренбург – Новопсков», (Ресей газы) «Бұхара – Орал» (Ресей газы) жүзеге асырылады.

Ішкі нарықты газбен қамтамасыз ету үшін 2006 жылы «Газпром» ААҚ, «Өзбекмұнайгаз» ҰХК және «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ арасында газдың қарама-қарсы жеткізілімдері туралы келісімге қол қойылды.

Бейнеу – Шымкент газ құбырын салу Қазақстанның энергетикалық қауіпсіздігінің артуына жағдай жасайтын болады және елдің газ өндіретін батыс өңірлерінен оңтүстікке берілетін газ ағынын қамтамасыз етуге және өзбек газының жеткізіліміне тәуелділікті азайтуға мүмкіндік береді.

Газ құбырының трассасы Маңғыстау, Ақтөбе, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстары бойынша өтетін болады.

Бейнеу – Шымкент газ құбыры Орта Азия – Орталық, Бұхара – Орал, Бұхара газды

ауданы – Ташкент – Бішкек – Алматы, Қазақстан – Қытай сияқты барлық негізгі магистралдық газ құбырларын қосады.

Жобаны іске асыру 400-ге жуық елді мекенді қамтумен, тұрғындарының жалпы саны 2 млн. адамға дейінгі бұрын газбен жабдықталмаған Қызылорда облысының аумағын, Оңтүстік Қазақстан, Жамбыл және Алматы облыстарының солтүстік аудандарын газбен жабдықтауды жалғастыру мүмкіндігін көрсеткен оң мультипликативтік әсер береді. Бұл ауыл тұрғындарының тұрмысын сапалы деңгейге көтеруге мүмкіндік береді, жаңа және жұмыс істеп тұрған өнеркәсіп объектілері мен ауыл шаруашылығын дамытуға және жаңғыртуға, шағын және орта бизнесті дамытуға және жаңа жұмыс орындарын құруға қозғау салады.

Тұтастай алғанда, жобаны іске асыру газ құбыры трассасының бойында орналасқан Қазақстан Республикасы өңірлерінің әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсартуға а л ы п к е л е д і .

Қазақстан ішкі және сыртқы нарықтарға көмірсутектерді жеткізудің көп векторлы қағидаттарына сүйене отырып, табиғи газдың транзиті мен экспорттық жеткізілімі бойынша барлық экономикалық тиімді бағыттарды дамытуға ұмтылады. Қазақстан-Қытай газ құбыры және Каспий жағалауы газ құбыры жобаларын іске асыру елдің транзиттік және экспорттық әлеуетін жақсартуға мүмкіндік береді және тиісінше, Қазақстан экономикасының дамуына жағдай жасайтын болады.

Қазақстан – Қытай газ құбыры жобасы

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан-Қытай газ құбырын салу мен пайдаланудағы ынтымақтастық туралы келісімге 2007 жылғы 18 тамызда қол қойылды. Газ құбыры түркімендік және қазақстандық газды тасымалдау үшін қажет.

2009 жылдың аяғында Қазақстан – Қытай газ құбырының бірінші учаскесінің 1-ші желісі 2010 жылы қазанда 2-ші желісі пайдалануға берілді.

2012 жылдың соңына дейін Қазақстан – Қытай газ құбырының 1-ші учаскесінің қуатын кейіннен жылына 40 млрд. текше м-ге дейін кеңейтумен, жылына 30 млрд.т.м.-ге дейін жеткізу жоспарланып отыр.

Каспий маңы газ құбыры жобасы

Қазақстан Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Түркіменстан Үкіметінің арасындағы Каспий жағалауы газ құбырын салудағы ынтымақтастық туралы келісімге 2007 жылғы 20 желтоқсанда Мәскеу қаласында қол қойылды, ол Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 14 мамырдағы Заңымен р а т и ф и к а ц и я л а н ғ а н .

Газ құбыры ішкі нарыққа жыл сайын көлемі 20 млрд. текше м-ге дейін, оның ішінде қазақстандық газ 10 млрд. текше метрге дейін және 10 млрд. текше метрге дейін түркімендік газды тасымалдауға арналған.

Каспий маңы газ құбырын салу жобасын іске асыру, оны одан әрі дамыту Ресей

және Түркімен тараптарының келіскен іс-қимылдарына байланысты болғандықтан, белгілі бір уақытқа кейінге қалдырылды.

3-ші Жаңажол газ өңдеу зауыты жобасын (бұдан әрі – 3-ЖГӨЗ) Сычуан жобалау-іздірету институты (ҚХР) әзірлеген. Жоба бойынша үшінші зауытта 300-ден аса адам еңбек ететін болады.

«3-ЖГӨЗ 2-ші кезеңін салу» объектісі бойынша газ сату нарығына талдау және өнімнің құны мен бастапқы жобасына түзету енгізу жұмыстары жүргізілуде. 2011 жылдың аяғына дейін жобаға түзету енгізу жұмыстарын толығымен аяқтау жоспарлануда. ЖГӨЗ-дің 2-кезегін пайдалануға беру 2013 жылға жоспарланған.

Нормативтік базаны жетілдіру мақсатында Сұйытылған көмірсутек газын жеткізу, тасымалдау және пайдалану қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Магистральдық және газ тарату желілерін пайдалануға, қызмет көрсету мен жөндеуге, шығыс нормаларына қатысты 40 мемлекеттік стандарт, оның басым бөлігі ИСО стандарттарының негізінде әзірленді.

Негізгі мәселелерді талдау

Негізгі проблемалар мен қауіптер:

ішкі нарықтың солтүстік және орталық аймақтарын табиғи газбен қамтамасыз ету үшін қажетті дамыған газ тасымалдау инфрақұрылымының болмауы;

Өзбекстан мен Ресейден табиғи газ жеткізілімдеріне тәуелді болу;

Қарашығанақ газын өңдеу бойынша өз қуаттарының болмауы;

республиканың газ саласын тиімді дамытуды қамтамасыз ететін заңнамалық базаның жеткілікті болмауы.

3-стратегиялық бағыт. Мұнай-химия өнімі өндірісін қамтамасыз ету

Қызметтің реттелетін саласының немесе аясының негізгі параметрлері

Көмірсутек шикізатын өндіру көлемінің үлкен ауқымына қарамастан, бүгінгі күні Қазақстанда қосылған құны жоғары өнім ала отырып, көмірсутек шикізатын тереңдете өңдеудің толық технологиялық циклі жоқ.

Көмірсутек шикізатын өңдеу мұнай мен газды айырумен шектеледі. Елде кеңес уақытында салынған, әрі қазіргі заманғы стандарттарға сай келмейтін 3 мұнай өңдейтін және 3 газ өңдейтін зауыт жұмыс істейді.

Инвестициялық жобаларды іске асыру халықаралық деңгейге сәйкес келетін көмірсутек шикізатын (мұнай/газ) өңдеудің икемді, интеграцияланған және толық технологиялық схемасын қамтамасыз етеді және бір уақытта бірнеше маңызды міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

үлкен көлемде және жоғары сапалы мұнай өнімдерін шығару;

жоғары қосылған құны бар және халықаралық нарықта талап етілетін базалық мұнай-химия өнімдерін алу;

кейіннен бөлу үшін мұнай-химия шикізатын шығару және жоғары қосылған құны бар кеңейтілген спектр мен мұнай-химия өнімдерін шығару (құрылыс, қаптау және

орау материалдары, өндірістік және тұрмыстық тауарлар және т.б.); көмірсутек шикізатын кешенді тереңдетіп өңдеуді қамтамасыз ету; қоршаған ортаға теріс әсерді азайту; нақты өнімдерді мұнай-химия шикізатын шығару бойынша шағын және орта бизнесті дамыту үшін жағдай жасау.

Мұнай-химия өндірістерін құрудың және МӨЗ-ді жаңғырту мен технологиялық қайта жаратқандырудың инвестициялық жобалары Қазақстан Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына және Қазақстанның индустрияландыру 2010 – 2014 жылдарға арналған картасына, Мұнай-газ секторын дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған салалық бағдарламаға енгізілген.

Атырау облысында базалық мұнай-химия өнімдері этилен, полиэтилен және полипропилен шығару бойынша интеграцияланған газ-химия кешені салынатын болады. Жобаға салынатын инвестиция көлемі 945 млрд. теңгені құрайды. Оны табысты іске асыру, қарыз және акционерлік қаражаттарды уақтылы бөлуді және игеруді қамтамасыз ету үшін жоба кезеңдер бойынша іске асырылады. Жобаның 1-кезеңі жылына қуаты 500 мың тонна полипропилен өндірісін қамтамасыз етеді, 1-кезеңнің құны шамамен 300 млрд. теңгені құрайды; 2-кезең - жылына 800 мың тонна полиэтилен, құны 645 млрд. теңгені құрайды. Жобаны іске асыру мерзімі: 2010–2016 жылдар. Жобаның операторы – «Kazaldistan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС (бұдан әрі – КРІ). Газ-химия кешеніне ұзақ мерзімді кезеңде газ шикізатын жеткізуді «Теңізшевройл» ЖШС жүзеге асыратын болады (ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 15 ақпандағы № 142 қпү қаулысы).

Құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін конкурс негізінде бірінші кезең бойынша жобаның Бас мердігері болып «Sinopet Engineering» Қытай компаниясы іріктеліп алынды. 2010 жылғы 19 наурызда «сақадай сай» жобасының 1-кезеңін салу келісімшартына қол қойылды, қазіргі уақытта жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеу басталды.

2010 жылғы наурызда СБИ Lummus (АҚШ) компаниясымен пропанды дегидрациялау және полипропиленді шығару технологиясына арналған лицензиялық келісімдерге қол қойылды.

Полипропиленді өткізуге кепілдік беру мақсатында «Sinopet Engineering» компаниясы дайын өнімдерді кепілді өткізу шартына (off-take agreement) қол қойды.

Ұқсас кешендер құрылысының халықаралық тәжірибесін ескере отырып және мұнай-химия өндірісіне едәуір инвестиция көлемін салу үшін тартымдылықты қамтамасыз ету үшін мемлекет жобаға қолдау көрсетуді шешті:

жобаны іске асыру үшін қолайлы экономикалық және әкімшілік жағдайлар жасалды – Мемлекет басшысының 2007 жылғы 19 желтоқсандағы № 495 Жарлығымен Атырау облысында «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық

аймағы (бұдан әрі – АЭА) құрылды. 2010 жылдан бастап АЭА аумағында инфрақұрылым құрылысы басталды (АЭА әкімшілік ғимаратын және аумақты қоршау) ;

жобаның I кезеңінің ЖСҚ әзірлеу және жеке инфрақұрылым объектілерін салуды 14 млрд. теңге көлемінде бюджеттік кредит қаражатының есебінен жүзеге асырылды.

I кезеңнің негізгі объектілері, оның ішінде өндірістік қондырғыларын салу 207 млрд . теңге көлемінде Қытайдың Экспорт-Импорт Банкінің кредиттік желісінің қаражатының есебінен жүзеге асырылуда. 2011 жылғы 23 наурызда Шанхай қаласында (ҚХР) CB&I Lummus, Sinopec Engineering мен KPI арасында кездесу өткізілді, осы кездесуде CB&I Lummus Sinopec Engineering және KPI-ге пропанды дегидрирлеу қондырғысына арналған жобалық технологиялық құжаттардың жинақталымы ресми түрде берілді, полипропиленді өндіру қондырғысына жобалық технологиялық құжаттардың жинақталымын беру жөніндегі осыған ұқсас кездесу 2011 жылғы 24 н а у р ы з д а б о л ы п ө т т і .

2011 жылғы 13 маусымда ҚХР Төрағасы Ху Цзиньтаоның Қазақстан Республикасына сапары шеңберінде «Біріккен химия компаниясы» ЖШС пен Қытайдың Экспорт-Импорт Банкі қаржы ынтымақтастығы (технологиялармен және қаржылық ақпаратпен алмасудағы ынтымақтастықты нығайту) туралы Негіздемелік к е л і с і м г е қ о л қ о й ы л д ы .

Инфрақұрылым объектілерін жобалау аяқталды. Мынадай инфрақұрылым объектілері бойынша Мемсараптаманың қорытындысы бар: автожол (асфальтбетон салу аяқталуда), теміржол (жер төсемін салу аяқталды), электр желісі берілісі (материалдар сатылды, құрылыс басталды), су құбыры және отын құбыры (материалдарды сатып алу жүргізілуде); қалғандары бойынша - қарау кезеңінде.

Екінші кезең бойынша (полиэтиленді өндіру) қазіргі уақытта Foster Wheeler (АҚШ) Жобаның Екінші кезеңінің ТЭН-нін жаңартуды аяқтау үстінде. «LG CHEM» корей компаниясы Жобаның екінші кезеңінің стратегиялық серіктестігі болып анықталды, онымен 2011 жылы «Kazakhstan Petrochemical Industries Inc.» ЖШС қазақстандық компаниясымен бірлескен кәсіпорынды құру туралы келісімге, сондай-ақ жобаны қаржыландыру бойынша Өзара түсіністік туралы меморандумға және өнімді сату б о й ы н ш а ш а р т қ а қ о л қ о й ы л д ы .

Атырау МӨЗ-де жылына 133 мың тонна бензол және 496 мың тонна көлемінде параксилол шығаратын хош иісті көмірсутектерді өндіру кешенінің құрылысы басталды. Жобаның құны – 169,5 млрд. теңге.

2009 жылғы қазанда АМӨЗ және «Sinopec Engineering» Қытай компаниясы арасында «сақадай сай» жағдайында кешен салуға арналған ЕРС-келісімшартына қол қойылды. «GUPC» Қытай компаниясымен параксилолды сатып алу ниеті туралы келісімге қол қойылды. Жобаны қаржыландыру «Қазақстан Даму Банкі» АҚ мен ЭксимБанкі (КХР) арасында жасалған Бас кредиттік келісім шеңберінде жүзеге

асырылатын болады. 2010 жылғы 30 шілдеде ҚДБ және АМӨЗ арасында Жобаны қаржыландыруға арналған Бас кредиттік келісімге қол қойылды, 2010 жылғы 4 қыркүйекте «бірінші кірпішін» қалау рәсімі өткізілді. АМӨЗ-де кешеннің құрылысын салу бойынша жұмыстардың аяқталуы 2013 жылдың аяғына дейін жоспарлануда.

2010 жылы Қазақстанның климаттық жағдайына сәйкес келетін жылына көлемі 420 мың тонна жол битумын өндіретін, Қаражанбас ауыр мұнайын тереңдетіп өңдеуді қамтамасыз ететін Ақтау пластикалық массалар зауытында жол битумын өндіруді іске асыру басталды. Жобаның жалпы бюджеті – 43,5 млрд. теңге.

Жобаны іске асыру үшін 2009 жылы «CITIC Group» Қытай корпорациясы мен «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ еншілес компаниясы – «Kazakstan Petrochemical Industries» АҚ Қазақстан компаниясы арасында тепе-теңдік негізінде «CASPI BITUM» бірлескен кәсіпорны» ЖШС құрылды. «CASPI BITUM» БК» ЖШС 2010 жылғы қыркүйекте «Bank of China Grand Cauman Branch» бірге қарыз қаражаттарын рәсімдеуді аяқтады, битум зауыты объектілерін салу мақсатында «ҚазҚұрылысСервис» МГҚК» АҚ және «CITIC Construction» ЖШС консорциумын құрды. Шикізатпен қамтамасыз ету, негізгі және қосалқы жабдықтарға тапсырыстарды орналастыру мәселесі шешілген, құрылыс кезеңі басталды.

Іске асырылып жатқан жоғарыда аталған жобалардың барлығы және жоспарланған өндірістер жақын перспективада бір-бірімен байланысты экономика салаларының мультипликативтік өсуін қамтамасыз етеді. Экспорттан басқа, Қазақстан нарығы әртүрлі сападағы мұнай-химия шикізатымен қамтамасыз етіледі, бұл пластмассадан, құрылыс материалдарын, жеңілдетілген материалдардан қосалқы өндірістік құралдарды, медицинаға және тұрмысқа арналған тауарларды, әртүрлі өнімдерді шығару бойынша және кіші орта бизнес өндірістерімен кәсіпорындарын құру үшін отандық бизнестің мүдделілігін жандандырады.

Негізгі мәселелерді талдау

Жаңа мұнай-химия өндірістерін құру бойынша инвестициялық жобаларды іске асыру үлкен капитал сыйымдылығымен сипатталады және инвестициялардың елеулі көлемдерін бір сәтте тарту, соның ішінде стратегиялық әріптесті іздестірумен талап етіледі.

Шикізатты тартудың экспорттық жеткізілімі болған жағдайда ұзақ мерзімге арналған шикізаттың қажетті мөлшерін олардың мұнай-химия өнімдерін өңдеу және өндірісі үшін қамтамасыз ету.

Қазіргі уақытта өндірілетін көмірсутек шикізатының негізгі көлемі экспортқа жіберіледі және отын нұсқасы бойынша пайдаланылады, көмірсутек шикізатын бастапқы өңдеу мұнай-химия шикізатын одан әрі шығармай, мұнай мен газды сепарациялауға негізделген.

45 жыл бұрын құрылған мұнай-химия кәсіпорындары, негізгі өндірістік қорлар тауарлық өнімді шектелген көлемдерде (полистирол, полипропилен) немесе сырттан

әкелінген шикізатпен (Ресей Федерациясы – синтетикалық каучуктар, қоспалардың негізгі компоненттері және т.б.) шығарып отырды.

Сонымен бірге, мұнай-химия өндірістерін құру үшін жеткілікті шикізат ресурстары бар: Қазақстан Республикасының түрлі өңірлеріндегі кен орындарын игерген кезде газдың жалпы көлемінің 13-тен 16 %-ға дейін және одан жоғары этан құрамының фракциялары болатын табиғи және ілеспе газдар, бұлар негізгі мұнай-химия өнімі – этиленді өндіру үшін негізгі экономикалық және технологиялық басымдық болып табылады. Жол маркалы битумдарды өндіру үшін мұнай Батыс Қазақстанның кен орындарынан өндіріледі.

Түпкілікті бағасында тасымалдау құрамының елеулі үлесін ескере отырып, қазақстандық мұнай-химия өнімінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету:

қазақстандық мұнай-химия өнімінің халықаралық нарықта өз орнына ие болуы үшін Қазақстанның негізгі өткізу нарықтарының қашықтығын және тасымалдау құрамы есебінен түпкілікті бағаның қымбаттайтынын ескерген өте маңызды;

мұнай-химия өнімін нарыққа тасымалдау уақытында логистикаға арналған қосымша шығындар көмірсутек шикізатын тереңдетіп өңдеу бойынша жаңа өндірістерді құруға неғұрлым жоғары шығындарға әкелуі мүмкін;

Қазақстаннан Еуропаға және Қытайға негізгі мақсатты нарықтарға мұнай-химия өнімін тасымалдауға арналған шығындар басқа ірі экспорттаушыларға қарағанда айтарлықтай жоғары болады.

Мұнай-химия өндірісіндегі жұмыс үшін дайын кәсіби кадрлардың және техникалық персоналдың, орта және жоғары буындағы инженер мамандардың болмауы:

техника мен технологиялардың қазіргі заманғы даму деңгейін көрсететін біліктілік талаптарының, сондай-ақ қызметкерлер жауапкершілігінің нақты белгілі бір түрлерінің болмауы осы проблеманың болуының маңызды себебі болып табылады;

біліктілік талаптарын жетілдіру жөніндегі мақсаттарға қол жеткізу үшін әртүрлі біліктілік деңгейлері бойынша қызметкерлердің біліктілігіне және құзыреттілігіне қойылатын талаптарды толық білдіретін кәсіби стандарттар әзірлеуге қажет.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Ішкі тәуекелдер – қызметін «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы экономикалық аймағында жүзеге асыратын ұйымдарға жеңілдікті салық салу алынып тасталынуы мүмкін.

Тәуекелдерді басқару жөнінде шаралар қабылданбаған жағдайда ықтимал салдар – жобалар экономикасы мен олардың табыстылығының нашарлауы, түпкілікті мұнай-химия өнімінің өзіндік құны бәсекеге қабілетті бола алмайды, бұл өнім өткізуді қамтамасыз етуді, сондай-ақ сыртқы (қарыз) қаржыландыруды уақтылы тартуды қиындатады.

Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар – дайын өнімді өндіру кезеңінде де, осы өндірістерді салу кезеңінде де капиталды қажет ететін инвестициялық мұнай-химия

жобаларын іске асыру үшін АЭА шарттарын сақтау, бюджеттік кредит қаражатын уақтылы бөлу және игеру, сыртқы қаржыландыруды тарту және игеру.

4-стратегиялық бағыт. Жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу саласында қатынастарды реттеуді жақсарту

Қазіргі ақпараттық технологиялар базасында жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік басқару жүйесін дамыту.

Қоғамның қазіргі даму кезеңіне байланысты Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының алдында жаңа талаптар туындап отыр. Бүгінгі күннің негізгі талабы – тоқтаусыз, қарқынды өзгеріп жатқан сыртқы жағдайда тиімді өз қызметін жүзеге асыру. Басқарма жүйесінің өзгеріп жатқан талаптарға қажетті бейімделуі үнемділік талаптарының үнемі жоғарылауынан және мемлекеттік құрылым нәтижелілігінің өсуіне байланысты қиындатылады.

Қазіргі әлемдегі басқарушылық сапалы ақпаратты пайдалану мен жинақталған білімді интеграциялауға негізделген. Ақпаратты талдау, жүйелендіру, жинақтау және ұсыну қабілеті маңызды басқару дағдысы болып табылады.

Мемлекеттік органдарды ақпараттандыру мемлекеттік құрылымдардың қызметі процесінде туындайтын және пайдаланылатын ақпаратты басқару үшін жағдай тудыру процесі ретінде Қазақстанда жүргізілетін әкімшілік реформалардың құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 26 желтоқсандағы № 1297 қаулысымен бекітілген Нәтижеге бағдарланған мемлекеттік жоспарлау жүйесін енгізу жөніндегі тұжырымдамаға сәйкес әр мемлекеттік орган жоспарлау кезеңінде нәтижеге, мониторингке, мақсатқа қол жеткізу дәрежесін бағалауға бағдарланған бюджетті жоспарлау үшін теңдестірілген көрсеткіштер жүйесін әзірлеуге тиіс.

Қазіргі ақпараттық технологияларды енгізу арқылы оның ақпараттық-талдамалық қамтамасыз ету сапасын жақсарту есебінен жер қойнауын пайдалануды мемлекеттік басқарудың тиімділігін арттыру мақсатында мұнай-газ, мұнай-химия өнеркәсібі салаларында, көмірсутек шикізаты тасымалын пайдаланудың тиімділігін арттыру үшін 2008 жылы «Қазақстан Республикасының жер қойнауын пайдалануды басқарудың мемлекеттік бірыңғай жүйесі» интеграцияланған ақпараттық жүйесін (бұдан әрі – ҚР ЖП БМБЖ ИАЖ) құру жөнінде жұмыстар басталды.

ҚР ЖП БМБЖ ИАЖ ақпараттық жүйесін дамыту – конкурстық рәсімдерден бастап, пайдалы қазбаларды өндіру, өңдеу, тасымалдау және сату көлемі туралы ақпаратқа дейінгі жер қойнауын пайдалану саласындағы барлық ақпаратты бақылап отыруға мүмкіндік береді. Бұл экономиканың өндіруші салаларының тиімділігін арттыру үшін шешімдер қабылдаған кезде елдің мұнай-газ саласындағы экспорттық әлеуетін болжауға және әлемдік шикізат нарығы ахуалындағы өзгерістерді дер кезінде ескеруге

м ү м к і н д і к

б е р е д і .

ҚР ЖП БМБЖ ИАЖ-ды іске асыру жеке және заңды тұлғаларға көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді автоматтандыруға мүмкіндік береді:

Р/с №	Қызметтің атауы	Көрсету нысаны	Іске асыру мерзімі
1	Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге және бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісім шартты қоспағанда, жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарды тіркеу	І ш і н а р а автоматтандырылған қызмет	2014 – 2015 жылдар
2	Кең таралған пайдалы қазбаларды барлауға, өндіруге және бірлескен барлау мен өндіруге арналған келісім шартты қоспағанда, жер қойнауын пайдалану құқығы кепіл шартын тіркеу	І ш і н а р а автоматтандырылған қызмет	2014 – 2015 жылдар

Қазіргі уақытта ҚР ЖП БМБЖ ИАЖ тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану с а т ы с ы н д а т ұ р .

МГМ-нің негізгі міндеттерінің бірі өнімді бөлу туралы келісімдерден туындайтын Өкілетті органның құзыретін іске асыруды қамтамасыз ету болып табылады және тиісінше МГМ-ге Өнімді бөлу туралы келісімдерде өкілетті органның мүдделерін іске а с ы р у ф у н к ц и я с ы ж ү к т е л д і .

Осыған байланысты МГМ белгіленген тәртіппен өнімді бөлу туралы келісімдерде өкілетті органның мүдделерін іске асырады, оның ішінде ұлттық компанияның еншілес ұйымының қатысу үлестерін өтеусіз сенімгерлік басқаруды жүзеге асырады.

Жеке кәсіпкерлік субъектілеріне әкімшілік кедергілерді азайту мақсатында МГМ-мен мұнай-газ саласындағы кәсіпкерлік субъектілерінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемдері әзірленді. Көрсетілген өлшемдер Экономикалық даму және сауда министрлігі мен МГМ-нің бірлескен бұйрықтарымен бекітілгеннен кейін жеке кәсіпкерлік субъектілерін тексеру жылдық жоспары әзірленетін болады. 2012 жылы 40 жеке кәсіпкерлік субъектісіне тексеру жүргізу жоспарлануда.

Негізгі мәселелерді талдау

Негізгі мәселелер мен қауіптер:

Көмірсутегі пайдалы қазбаларын өңдеу, қайта өңдеу және өткізу көлемдері туралы есептік ақпараты, жер қойнауын пайдаланушылардың келісімшарт талаптарын орындау туралы ақпараты қағаз түрінде беріледі. Сондықтан, мемлекеттік органдардың және жер қойнауын пайдаланушылардың өзара іс-қимылы ұзақ уақытты алады және жер қойнауын пайдалану саласында басқару тиімділігі төмендейді.

Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Жер қойнауын пайдалану саласында мемлекеттік органдар және жер қойнауын пайдаланушылардың өзара іс-қимылын автоматтандыру саласында негізгі сыртқы факторларға жер қойнауын пайдалану саласында жұмыстың болжанатын көлемін төмендету жатады, бұл бірінші кезекте, минералдық ресурстарға бағаның төмендеуімен қатар осы қызметтерге сұраныстың төмендеуіне байланысты болады. Сонымен бірге, жақын болашақта минералдық ресурстарға әлемдік бағаның төмендеуі болжанбайды және осы фактордың әсері өте төмен болып табылады.

Негізгі ішкі факторларға жобаның талап етілмейтін тәуекел дәрежесі, ҚР ЖҚ БМБЖ ИАЖ жобасын құрудың техникалық тәуекелдері және жобаның ауқымдылығына байланысты тәуекелдер жатады. Жобаны іске асыру жер қойнауын пайдалану саласында мемлекеттік басқару тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Жер қойнауын пайдалану мәселелері Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясының ұзақ мерзімді артықшылықтарына (№ 3 және № 5) және кіретінін ескере отырып, бүгінгі күні де өзекті болып табылады, жүйені енгізу кезінде Қазақстан Республикасы жер қойнауын пайдаланудың басқарудың тиімділігін арттырады. Жобаның талап етілмейтін тәуекел дәрежесі төмен болып табылады. ҚР ЖҚ БМБЖ ИАЖ жүйесінің қуаттылығын пайдаланбау тәуекелі кем болып табылады.

Жобаның техникалық тәуекелдеріне құрылған өнімнің және таңдап алынған тұғырнаманың МГМ мақсаттары мен функцияларына сәйкес келмеуі, «электрондық үкіметке» интеграцияланбауы. Осы тәуекелдерді басқару іс-шаралары мыналар болып табылады :

1. біліктілік өлшемдері бойынша жобалау командасының қатал іріктелуі. Жоба қатысушыларын жобалау жұмыстарының технологиясына, аспаптық құралдарға үйрету ;
2. кәсіпорын стандарттарын жобалау жұмыстарына пайдалану, жоба стандарттарын өз ірлеу ;
3. жобалық топқа мемлекеттік және жергілікті атқарушы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін жобалау командасына тарту.

Жоба ауқымдылығына байланысты тәуекелдерге жоба сапасының төмендеуі жатады және МГМ мақсаттары мен функцияларына сәйкес келмеуі. Тәуекелдердің төмендеуі үшін әр жұмыс сатысына, қатысушылардың өзара іс-қимылына, жұмыстың ұйымдастырылуына егжей-тегжейлі талдау жүргізіледі. Сондай-ақ жете пысықталған сапалық бағдарлама, пысықталған жоба конфигурациясымен басқару, қатысушылардың өзара арнайы рәсімдері қолданылады.

3. Стратегиялық бағыттары, мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері

Стратегиялық бағыттары, мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері

1-стратегиялық бағыт. Мұнай саласын серпінді дамыту
1.1-мақсат. Мұнай ресурстарын тиімді игеру және пайдалану

Осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламаның коды 001

Нысаналы индикатор (қол жеткізудің түпкілікті мерзімін (кезеңін) көрсетумен)	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	2009 жылдың нақтысы	2010 жылдың нақтысы	Ағымдағы кезеңде, жыл				
					2011	2012	2013	2014	2015
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. Шикі мұнай өндіру ФКИ, өткен жылға % - те	Статистикалық деректер	%	100	104,2	101,6	102,4	100,0	102,4	111,8
2. Мұнай экспортының көлемін ұлғайту	«МГ АТО» АҚ есебі	млн. тонна	68,1	71,2	72,0	74,0	74,0	70,0	84,0
1.1.1-міндет. Мұнай және мұнай өнімдеріне экономиканың ішкі қажеттіліктерін қамтамасыз ету және сыртқы нарықтарға мұнай тасымалдау бағыттарын әртараптандыру									
Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	2009 жылдың нақтысы	2010 жылдың нақтысы	Жоспарлы кезең, жыл				
					2011	2012	2013	2014	2015
1. Газ конденсатын қоса алғанда, шикі мұнай өндіру көлемінің жыл сайын ұлғаюы	Статистикалық деректер	млн. тонна	76,5	79,7	81,0	83,0	83,0	85,0	95,0
2. Мұнай экспортының өсуін 2015 жылы қамтамасыз ету (2010 жылға 117,9 %)	«МГ АТО» АҚ есебі	%	100,0	104,5	101,1	102,8	100,0	94,6	120,0
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					Жоспарлы кезеңде орындау мерзімі, жыл				
					2011	2012	2013	2014	2015
Мұнай өндіру және кейбір кен орындарының барлаудан өнеркәсіптік пайдалануға ауысуы бойынша өндірісті оңтайландыру және жаңғырту					x	x	x	x	x
Қашаған кен орнын тәжірибелік-өнеркәсіптік игерудің басталуы							x	x	x
Қазақстан-Қытай мұнай құбырының өткізу қабілетін ұлғайту, оның ішінде : Кеңкияқ-Атырау мұнай құбырын реверстеу және кеңейту; Кеңкияқ-Құмкөл және Атасу-Алашанькоу мұнай құбырларын кеңейту; Құмкөл-Қарақойын-Атасу учаскесінде «ҚазТрансОйл» АҚ-тың объектілерін қайта құру және кеңейту					x	x	x	x	
Каспий Құбыр Консорциумын кеңейту жобасын іске асыру ұлғайту, оның ішінде : жұмыс істеп тұрған екі МАС-ты жаңғырту (Теңіз, Атырау); 116-204 км (88 км) учаскесінде мұнай құбырын ауыстыру; СКАДА жүйесін монтаждау ;									

жаңа 4-АМАС салу және іске қосу-баптау; Атырау 4-АМАС учаскесінде ВЛ-220 кВ бір тізбекті екі желілерін салу; жаңа 3А-АМАС салу және іске қосу-баптау, жұмысты аяқтау және СКАДА және сыртқы энергиямен жабдықтау объектілерінің жүйесін іске қосу-баптау	x	x	x	x	
Жұмыс істеп тұрған мұнай тасымалдау жүйесін қайта құру және жаңғырту	x	x	x	x	x
Каспий теңізінің қазақстандық секторында жағадағы инфрақұрылымның басым объектілері тізбесіне сәйкес жағадағы инфрақұрылым объектілерін салу	x	x	x		

1.2-мақсат. Елдің ішкі нарығын отандық мұнай өнімдеріне қажеттілігін қанағаттандыру

Осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламаның коды 001

Нысаналы индикатор (қол жеткізудің түпкілікті мерзімін (кезеңін) көрсетумен)	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	2009 жылдың нақтысы	2010 жылдың нақтысы	Ағымдағы кезеңде, жыл				
					2011	2012	2013	2014	2015
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Отандық мұнай өнімдеріне ел экономикасының ішкі қажеттілігін қамтамасыз ету деңгейі, оның ішінде:	«МГ АТО» АҚ есебі								
бензин (октан санына байланысты емес өндіріс)		%	75,9	82,0	78,8	75,3	72,2	77,3	136,1
дизель отыны		%	106,0	96,7	93,5	90,0	91,4	97,9	108,5
авиакеросин		%	89,8	76,1	71,0	65,3	64,3	77,0	109,1
мазут (ауырланған фракциялық құрамын өндіру)		%	258,5	160,2	160,2	160,2	106,4	96	25,7

1.2.1-міндет. Мұнай өнімдеріне экономиканың ішкі қажеттілігін қамтамасыз ету

Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	2009 жылдың нақтысы	2010 жылдың нақтысы	Жоспарлы кезең, жыл				
					2011	2012	2013	2014	2015
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1. 3 МӨЗ бойынша мұнай өңдеу өнімдерін өндіру, барлығы, оның ішінде:	«МГ АТО» АҚ есебі	млн. тонна	12,1	13,7	13,1	13,3	14,2	15,1	17,5
Павлодар мұнай-химия зауыты		млн. тонна	4,1	4,8	4,6	4,75	4,9	5,1	6,0
Атырау мұнай өңдеу зауыты		млн. тонна	4,0	4,3	4,2	4,25	4,9	5,5	5,5
Шымкент мұнай өңдеу зауыты (Петро Қазақстан Ойл Продактс)		млн. тонна	4,0	4,6	4,3	4,3	4,4	4,5	6,0
2. Мұнай өңдеу өнімдері өндірісінің ФКИ, өткен жылға %:	Статистикалық деректер	%	98,4	113,2	100,0	100,0	103,6	106,3	115,9

бензин			104,0	111,8	100,0	100,0	100,2	111,9	184,1
дизель отыны			97,3	107,3	100,0	100,0	105,6	111,2	115,1
авиакеросин			93,5	131,1	100,0	100,0	106,6	129,7	153,6
мазут			103,2	116,5	100,0	100,0	66,4	90,2	26,8
3. Отандық МӨЗ-де мұнай өңдеу тереңдігін ұлғайту	«МГ АТО» АҚ есебі	%	65,75	67,17	75,91	75,91	75,91	87,0	88,69
Тікелей нәтижелер көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар					Жоспарлы кезеңде орындау мерзімі, жыл				
					2011	2012	2013	2014	2015
Мұнайды тереңдетіп өңдеу кешенін салу (АМХЗ)					x	x	x	x	
Павлодар мұнай-химия зауытын қайта құру және жаңғырту (ПМХЗ)					x	x	x		
Шымкент мұнай өңдеу зауытын қайта құру және жаңғырту (ПКОП)					x	x	x	x	

2-стратегиялық бағыт. Газ саласын серпінді дамыту

2.1-мақсат. Газ ресурстарын тиімді игеру және пайдалану

Осы мақсатқа қол жеткізуге бағытталған бюджеттік бағдарламаның коды 024

Нысаналы индикатор (қол жеткізудің түпкілікті мерзімін (кезеңін) көрсетумен)	Ақпарат көзі	Өлшем бірлігі	2009 жылдың нақтысы	2010 жылдың нақтысы	Жоспарлы кезеңде, жыл				
					2011	2012	2013	2014	2015
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
